

ӘОЖ 37.022  
ҒТАХР 14.35.01

<https://doi.org/10.48184/2304-568X-2021-2-54-60>

## БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ

<sup>1</sup>Н.Н.АБДЫГАЛИЕВА\*, <sup>2</sup>Ә.Т.ТӘУБЕЕВА

<sup>1</sup>«Алматы технологиялық университеті» АҚ, Қазақстан, 050012, Алматы қ., Төле би 100  
<sup>2</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әл-Фараби  
данғылы, 73)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: myworld.kzt@mail.ru\*

*Аталмыш мақалада тілдік жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау барысында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың басты ерекшеліктері сөз етіледі. Автор зерттеушілік құзыреттілік мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің негізін құрап, педагогикалық шеберліктің жоғарғы деңгейіне жетудегі анықтаушылары бола отырып, жобалаушы немесе құрылымдық қабілеттер болып табылатындығын басты назарға ала отырып, зерттеушілік құзыреттіліктің мұғалімнің педагогикалық іскерлігін арттыруда да маңызды рөл атқаратындығын айқындайды.*

Негізгі сөздер: жоғары оқу орны, зерттеушілік құзыреттілік, рефлексия, педагогикалық іскерлік, педагогикалық теория, кәсіби-педагогикалық біліктілік.

## СОДЕРЖАНИЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ФОРМИРОВАНИЯ ГНОСТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У БУДУЩИХ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

<sup>1</sup>Н.Н.АБДЫГАЛИЕВА\*, <sup>2</sup>Ә.Т.ТӘУБЕЕВА

<sup>1</sup>АО «Алматинский технологический университет», Казахстан, 050012, г. Алматы,  
ул. Толе би 100,  
<sup>2</sup>Египетский университета исламской культуры Нур- Мубарак, Казахстан, 050000, г. Алматы,  
пр. Аль-Фараби, 73)

Электронная почта автора-корреспондента: myworld.kzt@mail.ru\*

*В статье рассматриваются основные особенности формирования гностических компетенций при подготовке будущих учителей иностранного языка в языковых вузах. Автор подчеркивает, что гностическая компетентность также играет важную роль в улучшении педагогических навыков учителя, подчеркивая, что гностическая компетентность является основой профессиональной деятельности учителя и определяющим фактором достижения высокого уровня педагогического мастерства, а также дизайнерских или структурных навыков.*

Ключевые слова: университет, гностическая компетентность, рефлексия, педагогическая деятельность, педагогическая теория, профессионально-педагогическая квалификация.

## CONTENT OF SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL FEATURES OF FORMATION OF GNOSTIC COMPETENCE OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

<sup>1</sup>N.N.ABDYGALIYEVA\*, <sup>2</sup>A.T.TAUBEYEVA

<sup>1</sup>«Almaty Technological University» JSC, Kazakhstan, 050012, Almaty, Tole bi 100,  
<sup>2</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-mubarak, Kazakhstan, 050000, city of Almaty,  
Al-Farabi av., 73)

Corresponding author e-mail: myworld.kzt@mail.ru\*

*This article discusses the main features of the formation of gnostic competencies in the training of future foreign language teachers in language universities. The author emphasizes that gnostic competence also plays an important role in improving a teacher's pedagogical skills, emphasizing that gnostic competence is the basis of a teacher's professional activity and is a determinant of achieving a high level of pedagogical skill, as well as design or structural skills.*

**Keywords: university, gnostic competence, reflection, pedagogical activity, pedagogical theory, professional and pedagogical qualification.**

### *Kipicne*

Жаһандану талабына сай нағыз кәсіби педагог болу үлкен, әрі жауапты іс. Бүгінде Қазақстан азаматтарының алдында мемлекеттің дамуының ұзақ мерзімге жоспарланған стратегиялық бекітілгенін нақты бағыттарды ескеретін болсақ, онда мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі мен әлемдік интеграцияға енуінің негізгі алғышарттарының бірі - біздің мемлекетіміздің білім деңгейі мен білім беру жүйесінің сапасы болматыны сөзсіз. Бұл ретте мемлекетіміздің алдында әлемдік еңбек нарығының талаптарына сай мамандар даярлау мәселесі басты назарға алынады. Бұл мәселені оңтайлы шешу мақсатында еліміздің білім беру жүйесінің заңына сәйкес мамандарды даярлау үдерісі күрделеніп, заңнамаларға толықтырулар енгізіліп жоғары оқу орындарында (ары қарай ЖОО) оқу үдерісіне талаптар күшейтілуде. Әсіресе болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісіне педагогикалық ЖОО басты көңіл бөлінуде. Дәл осы ретте болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби маман ретінде қалыптасуына қандай алғышарттар септігін тигізді деген кезекті сұрақ туындайды. Біздің ғылыми жұмысымыздың негізгі өзектілігі болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі. Тілдік ЖОО болашақ шетел тілі мұғалімдерінің бойында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінің барысын біз зерттеушілік құзыреттілікке басты назар аударамыз. Зерттеушілік құзыреттіліктің негізгі көрсеткіштеріне сипаттап жасайтын болсақ, олар: зерттелген немесе әлі де зерттелініп жатқан еңбектерді тереңірек танып білу, жаңа білімдерді нақты игеру, кәсіби қызмет барысында жетістікке жету, нақты білім беруде сабақ барысын бағалау, талдау, танымдық қабілеттіліктерді игере отырып нақты педагогикалық жағдаяттарда қолдана алу және т.б.

“Gnostic” – терминінің мағынасы грек тілінен аударғанда «таным» деген мағынаны

білдіреді. Таным теориясы таным мәселелері мен оның мүмкіндіктері зерттелетін білімнің нақты жағдайға қатысты дұрыстығы мен шынайылығы белгіленіп қарастырылатын философияның бір бөлігі. Таным теориясы философиялық дисциплина бола отырып, таным нәтижелерін білім негізі деп қарастыруға мүмкіндік береді [1, 56-6].

Зерттеушілік құзыреттілік (гр. gnostic-таным) – студенттердің шетел тілі пәніне деген қызығушылығымен, сондай-ақ олардың тілдік сөйлеу қабілеттіліктерімен анықталынып, оқытудың оңтайлы әдістемесін таңдап, оны нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді [2, 21-6]. Ал құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен іскерліктерді іс-жүзінде, күнделікті шынайы өмірде қандай да бір теориялық және практикалық мәселелерді шешу барасында игерген білімдерді қолдана алу қабілеттілігі деп түсіндіріледі. Сонымен, оқытудағы құзыреттіліктің амал білім беру нәтижесі ретінде оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді [3]. Зерттеушілік құзыреттілік шетел тілі мұғалімінің кәсібінде, нақты айтқанда шетел тілі сабақтарына психологиялық талдау жасауында, кәсіби біліктілікті арттырудағы педагогикалық білімінде, оқыту әдістемесін игеруінде студенттермен педагогикалық қарым-қатынасында және т.б., кәсіби білігін шыңдауда, үнемі ізденіс үстіндегі маман бейнесінде көрініс табады деп анық айта аламыз. Мұғалімнің жеке тұлғалық рефлексивтілік деңгейі мен рефлексивті/өздігінен ойлау қабілеті, өзін-өзі дамытуы оның педагогикалық кәсібінде зерттеушілік құзыреттілікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Рефлексия» ұғымы С.С. Құнанбаеваның еңбегінде «білім алушының өзін-өзі басқаруы, өзіне-өзі түрткі болуы, өзін-өзі дамытуы» деп қарастырылады. «Рефлексия» ұғымының қазіргі түсіндірмесі, оны өткен жылдардағы философиялық тұрғыдан түсіндіруден өзгеше, онда рефлексия өзін-өзі да-

мыту мен өзін-өзі бағалау құралы ретінде емес, өзін-өзі тану қабілеті не болмаса теориялық танудың негізі деп анықталады. Қазіргі теорияда «рефлексия» көпфункционалды құбылыс, оның негізін өзіне тән келесі функциялар қалайды деп көрсетіледі:

Өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі ұйымдастыруға, өз санасында қалыптастырылған үлгі бойынша өзін құрастыру;

Шығармашылығы мен өзін-өзі дамытудағы рефлексивтік дамытушы әрекет ретінде қалыптасқан тұлғаның ішкі әрекеті;

Өз әрекетін, қол жеткізген жетістіктерін рефлексивтік түрде бағалай отырып талдау, өзін-өзі дамытудағы кемшіліктерін өзі түзетуі[4,1].

Рефлексия шеттілдік білім беруде маңызды мәселелерді жағдаяттар негізінде шешуді көрсете отырып, шетел тілін меңгерушінің өзін-өзі дамытуын, оның жоғарғы кәсіби мүмкіндіктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді[4,2]. Демек, педагогтың өзін-өзі дамытуы мен үздіксіз білімін жетілдіруі зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуына негіз болады деп айтуға болады. Зерттеушілік құзыреттілік тұлғаның өзге тұлғаларды дұрыс қабылдап түсіне алуы, оның нақты жағдайға қатысты іс-әрекетін сонымен қатар, өзінің де кәсіби іс-әрекетін нақты әрі әділ бағалай алу мүмкіндіктерінің қабілеттіліктеріне негізделеді деп есептейміз. Сол себепті де зерттеушілік құзыреттіліктің нысаны ретінде ең алдымен мұғалімнің өзі қарастырылады.

Сондай-ақ оқыту үдерісінде зерттеушілік құзыреттіліктің нысаны ретінде студентті де қарастыруға болады. Оқыту үдерісінде студенттің жеке тұлғасын зерттеу, оның өз ортасында, яғни оқу орынындағы басқа студенттер ұжымы арасындағы алатын орнын, жеке психологиялық дара ерекшеліктерін, танымдық, шығармашылық қабілеттіліктерін түрлі педагогикалық әдістер арқылы анықтау мұғалімнің педагогикалық іскерлігіндегі маңызды кәсіби көрінісі (аспектісі) болып табылады. Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға, кәсіби білімі мен біліктілігін, педагогикалық шеберлігін арттыруға деген жеке тұлғалық қажеттілігі және белгілі бір ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасып жүзеге асырылуының анағұрлым нәтижелі болатындығын айқындайды[5].

Жалпы айтқанда, тұлғаның барлық зерттеушілік іс-әрекеттері (перцептивтік-қабылдау, мнемикалық-есте сақтау, ойлау, бағалау іс-әрекеттері) мұғалімнің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болады. Зерттеушілік құзыреттіліктің динамикалық шарт негізіндегі шетел тілі сабағында жүзеге асырылуы оқытылу үдерісіндегі шетел тілі мұғалімінің педагогикалық-психологиялық әдістерді түсінікті, әрі нақты меңгеруін талап етеді:

- шетел тілі сабақтарында технологияларды, әдістерді пайдаланып оқыту үдерісі барысында жұмыс жоспарлау;
- үздіксіз бақылау/байқау;
- тәжірибелік жұмыс барысында зерттеушілік -құзыреттілік деңгейін қадағалау [6].

«Құзыреттілік және оны қалыптастыру» мәселелері психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде қарастырылып, кең көлемде талқыланатын өзекті тақырыптардың бірі, әрі бірегейі. Зерттеушілік құзыреттілік педагогикалық білімнің, іскерліктің ажырамас бөлігі. Зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім аталмыш құзыреттілік негізін педагогикалық жағдаяттарды шешу барысында тиімді қолданады[7]. Осыдан келе зерттеушілік құзыреттіліктің көмегімен мұғалім өзінің педагогикалық іскерлігі барысындағы жағдаятты саралап-талдайды, жүйелейді, шешілу жолдарын педагогикалық әдістер мен технологияларға, амадарға негіздеп іздестіреді. Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, зерттеушілік құзыреттілік педагогикалық міндеттерді шешу барысында қалыптасады деп айтуға негіз бар. Олар әдіскер-ғалымдардың педагогикалық еңбектерінде көрініс табады. Педагогикалық әдебиеттерде әдіскерлер мұғалімнің кәсібилігіне қатысты талаптарды, іскерліктер мен құзыреттіліктерді топтастырып, жіктеп көрсетеді. Мұғалімнің кәсіби маман ретіндегі құзыреттіліктерін талдай келе А.И.Щербаков, А.В.Мудрик дидактикалық тұрғыдан мұғалімнің іскерліктерін негізгі үш топқа жіктеп көрсетеді:

–Мұғалімнің білімділігінің көмегімен оқыту және тәрбиелеу үдерісіндегі жаңа педагогикалық жағдаяттарды шеше алуының түрлі жолдары мен нұсқаралы қарастырылады;

–Әр педагогикалық жағдаятқа жаңа шешім таба алу құзыреттілігі негізге алынады;

–Нақты педагогикалық жағдаяттарды шешу үшін педагогикалық білімнің жаңа элементтері мен идеяларын қалыптастырылады[8].

Жоғарыда аталған педагогикалық іскерліктерінің педагогикалық жағдаятты анықтау маңыздылығын оқыту үдерісінің маңызды бір бөлігі деп қарастыруға болады. Педагогикалық іс-әрекеттердің жүзеге асырылуы мұғалімнің кәсіби қабілеттіліктеріне негізделеді және ол мұғалімнің нақты кәсіби іскерліктерде көрініс табады[9]. Сондай-ақ аталып өткен педагогикалық құзыреттіліктер жүйесі әртүрлі педагогикалық міндеттер мен жағдаяттардың шешімін табуға бағытталады деп ойлаймыз. Мұғалімнің кәсіби қызметі барысында оған қойылатын талаптар қоғам сұранысы мен тапсырысына сай үнемі толықтырылып, жаңартылып отыратын үздіксіз үдеріс екендігін ескеру қажет.

Жаһандану заманындағы үнемі болып жататын қарқынды даму, өзгерістер мен жаңашыл талаптар білім беру жүйесін де айналып өтпейтіні анық. Қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын басты талаптар мемлекет пен қоғамның сұраныстарына сай маман даярлау үдерісі болып отыр. Бұл ретте тілдік ЖОО болашақ мамандарды кәсіби даярлау мәселесіне үлкен салмақ түсіп отыр, себебі қазіргі таңда тілдік ЖОО кәсіби маман даярлау үдерісі әлемдік деңгейдегі еңбек нарығының талаптары мен сұраныстарына сай жүргізілуі міндет.

Бүгінгі таңда жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы, жоғары оқу орындарының халықаралық білім жүйесіне жоспарлы енуі және оларды қоғамның талаптарына сай басқару мәселелері білім беру саласына жаңа тәсілдерді енгізуді талап етуде[10]. Білім беру үдерісін жандандырып отырған құзыреттілік тәсіл көптеген дамыған елдердегі білім беру стандартының жалпы тұжырымына сәйкес келеді, ол білім беру мазмұны мен оның сапасын бақылау жүйесінің компетенттік жүйесіне ауысуымен тікелей байланысты[6]. Білім саласына ендірілетін жаңалықтың барлығы дерлік арнайы мақсаттық жоспар негізінде жүзеге асырылатындығын ескерген жөн. Еліміздегі ЖОО, әсіресе тілдік жоғары оқу орындарында шетел тілі және шеттілдік білім беру мәселесі ерекше мәнге ие. Сол себепті де тілдік ЖОО болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінің оң нәтижелілігінің қоғамға

тигізер пайдасы мол деп есептейміз. Сондықтан тілдік ЖОО болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығына, зерттеушілік қабілеттіліктерінің дамуына және олардың жаңа педагогикалық технологияларға терең түсіністікпен бейімделуіне жағдай жасау қажет[11]. ҚР Білім туралы заңында көр-сетілгендей білім беру мазмұнын жаңа-шаландыру, педагог мамандардың біліктілігін арттыру, әсіресе жас мамандарды даярлаудың мазмұны мен құрылымын саралап ой елегінен өткізу оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатуды, болашақ мамандардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздейді.

Болашақ мұғалімді даярлау сапасы біртұтас педагогикалық үдерістің әртүрлі жақтары, қасиеттері мен сапалары туралы теориялық білімдердің болуы кәсіби міндеттерді қолдануға даярлығынан көрініс табады. Зерттеушілік құзыреттіліктің болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін маңыздылығы – біртұтас педагогикалық үдерісті жүйені құрылымдылық сипаттауға, нақты жағдайды ескере отырып, алда болатын іс-әрекеттің үлгісін рефлексивті деңгейде ойша құрастыруға, «мұғалім-студент» жүйесі жағдайының дамуын болжауға мүмкіндік беретіндігінде болып отыр [7]. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда олардың бойында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру жүйесін педагогикалық үдеріс дей отырып, аталмыш құзыреттілікті қалыптастырып-дамытудағы жалпы кәсіби педагогикалық негізгі заңдылықтарына тоқтала кететін болсақ:

–Педагогикалық үдерістің мақсатқа бағыттылығы қоғамның мақсатын көрсетеді: әлеуметтік тапсырыс ретіндегі білім беру заңдары арқылы талап етілуі;

–Педагогикалық үдеріс екі жақты іс-әрекет: мұғалімдер мен студенттердің өзара тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің қарым-қатынастық әрекетімен байланысты болуы;

–Мұғалімнің мұқият ойластырылған және ұйымдастырылған кәсіби іс-әрекетінің нәтижесінде студенттердің бойында зерттеушілік қабілеттердің дамытылуы;

–Педагогикалық үдерістің қызметі оны құру мен ұйымдастыру студенттің жеке-дара ерекшеліктеріне назар аударылуы және т.б.[15,89-93-б];

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Зерттеу жұмысының нысаны ретінде тілдік жоғары оқу орындарындағы

студенттердің бойында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімін даяр-лаудың үдерісі алынды. Зерттеу жұмысын анықтау барысында төмендеідей әдістер қол-данылды: Болашақ шетел тілі мұғалімін даярлаудағы студенттердің зерттеушілік құзыреттілікті қалыптасытруындағы философиялық, педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау;

–Бақылау, әнгіме жүргізу, сауалнама дайындау,тест тапсырмалары, жаттығулар кешенін пайдаланып, педагогикалық тәжірибе жасау;

–Оқу үдерісінде студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін бақылау;

–Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуден өткізіп,қорытынды шығару.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында ең алдымен жалпы педагог маман даярлау үдерісіндегі негізгі ерекшеліктерді ескеру маңызды[12]. Педагогикалық теорияда педагогикалық мамандықтардың басқа мамандықтарға қарағанда өзгеше екендігі, яғни оларда оқитын студенттерден оқу және тәрбие қызметін атқару талап етілетіні көбінесе ескерусіз қалып жататындығы жасырын емес. Кейбір әдіскер ғалымдардың пікірлеріне сүйенетін болсақ, педагогикалық мамандықтағы студенттер үшін пәнді оқып - білу басты мақсат емес, басты мақсат- оқыту мен тәрбиелеуге деген кәсіби біліктілік амал. Ал бұл жағына келгенде, пәндік немесе теориялық білім қаншалықты терең болса да кәсіби біліктілікті қамтамасыз ете алмайды десек, екінші жағынан теориялық,пәндік білім жоқ маман өз студенттерін ештеңеге оқыта да, тәрбиелей де алмайды дегенді алға тарту қажет. Осы ретте тілдік ЖОО болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау барысында студенттердің бойында теориялық білімнің,кәсіби нақты пәндік құзыреттіліктердің және тәрбиелік қабілеттіліктердің бірізді меңгертіліп, қалыптастырылуына басты назар аударылуы керек. Болашақ маман өз бойында кәсібилік, теориялық және тәжірибелік білімдер жүйесі мен құзыреттіліктерді дамытып қалыптастыра алуы маңызды[13]. Осы мәселенің төңірегінде болып жатқан құбылыстарды әдіснамалық тұрғыдан негіздеу педагогикалық ғылымның басты мақсаттарының бірі деп айтсақ болады. Сондай-ақ болашақ педагогтарды даярлау мәселесі аясында

Н.В.Кузьминаның жазған еңбектеріне шолу жасай келе, әдіскердің мұғалімдерге қойылатын талаптар негізіндегі маманның игеруі тиіс негізгі бес педагогикалық іс-әрекеттер ретін кәсіби маманға қажетті ең негізгі құзыреттіліктер қатарана жатқызуға болады деп ойлаймыз. Кузьмина Н.В. болашақ мамандарды даярлау жүйесінде әдістемелер қажеттілігін және оны тәжірибеде жүзеге асыруда қалыптасатын маңызды кәсіби сапалардың даму механизмі мен ретін көрсете отырып, педагогикалық іс- әрекет құрылымының негізгі бес құрамдас бөлігін анықтады:зерттеушілік, жобалаушылық, құрылымдылық, ұйымдастырушылық, қатысымдылық[14].Әдіскер- ғалымның жоғарыда көрсетілген педагогикалық іс-әрекетті осылайша бес типке бөліп қарастыруы жөніндегі ұсынысы сол кездегі озық жаңа көзқарас болатын.

Әдістемелік және педагогикалық зерттеулер оқыту мен тәрбиелеуге сүйене келе мұғалімнің педагогикалық құзыреттілігі көптеген зерттеушілік міндеттерді шешу жүйесінде көрініс табады деп айтуға негіз бар. Ал нақты міндеттер мен мәселелерді шешу мұғалімнің кәсіби іскерліктері мен дағдыларыныңқалыптасу деңгейіне тікелей тәуелді. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті, ең алдымен мұғалімнің танымдық үлгісі ретінде қарастырылады. Өз білімі мен танымдық,шығармашылық қабілеттіліктеріне сүйеніп педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасай келе мұғалім, әсіресе жас маман өзінің кәсіби іс-әрекетін, пәнін мақсатты түрде күтілетін нәтижені теорияға негіздейді[15]. Зерттеушілік міндеттерді шешу барысындағы мұғалімнің іс-әрекеттері оның танымдық білімін, шығармашылық қабілеттіліктерін дамытады және кәсіби біліктілігін арттырады. Осылайша мұғалімнің педагогикалық іскерлігі оның тек өзінің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға ғана емес, сонымен қатар өзінің студенттерінің де зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді деп санаймыз. Студенттер үшін зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру олардың болашақ маман ретіндегі педагогикалық іскерліктерін дамытуға тәжірибелік тұрғысынан ғана негіз болып қана қоймай, сондай ақ олардың болашақ маман ретіндегі нақты пәнге қатысты теориялық білімін бекітеді деп ойлаймыз.

**Нәтижелер және оларды талқылау:**

Тілдік ЖОО болашақ шетел тілі мұғалімін даяр-лаудағы студенттердің зерттеушілік құзырет-тіліктері толық қалыптасып, болашақ шетел тілі мұғалімін даярлаудағы зерттеушілік құзыреттілік нәтижелі болмақ, егер, тілдік ЖОО болашақ шетел тілі мұғалін даярлауда студенттердің бойында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптасыру үдерісін теориялық-әдістемелік негіздерге, құрастырылған әдістемелік үлгіге, оқу-тәрбиелік және зерттеушілік міндеттерге сүйене отырып, сондай-ақ мұғалімнің зерттеушілік құзыреттілік қабілеттері арқылы студенттерде аталмыш құзыреттілік қабілеттіліктерін дамыту жолдары анықталса, зерттеушілік құзыреттіліктің бас-ты құрамдас бөліктері, факторлары, көрсеткіштері анықталындығын ескерсек, онда, студенттердің бойындағы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруды дамыта отырып, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру қабілеттілігіне ие болады деп үміт артуға болады себебі, зерттеушілік құзыреттіліктердің дамуы ғылыми-теориялық тұрғыдан алғанда, арнайы әдістемелік нұсқаулар арқылы іске асады, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған арнайы әдістемелік үлгі құрастырылып, зерттеушілік құзыреттілікті дамытуда басшылыққа алынды.

**Қорытынды**

Зерттеулердегі ғылыми болжамдарды тексеру мен құру, педагогикалық мәселелерге сезімтал болу, алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалау жатады. Білімдер жүйесі дүниетанымдық, қоғамдық-мәдени деңгейлер мен арнайы білімдер деңгейінен тұрады [15,16]. Сол себепті біздің зерттеулерімізге байланысты болашақ маманның ізденіске, зерттеуге бейімді болуы маңызды. Әсіресе шетел тілін оқып білу, үлкен талап пен үздіксіз оқу мен ізденушілікті талап етеді. Осы арада мұғалімнің болашақ маман ретіндегі дайындығы үдерісіндегі зерттеушілік құзыреттіліктің маңыздылығын ескеру қажет. Себебі, зерттеушілік құзыреттілік шетел тілі мұғаліміне оның кәсіби қызмет атқару барысында шетел тілін оқытылатын пән ретіндегі оның мазмұнын аша алуына, шетел тілін оқытудың басты заңдылықтарын үйретуге және студенттердің психологиялық өзгешеліктеріне мән беруге, мұғалім ретінде өзін-өзі танып-білуінде көрініс табады.

Зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуы біртіндеп кезең-кезеңмен жүріп отыратын үдеріс деп айтсақ болады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің бойында зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру жолдарында ең басты назар болашақ маманның тұлғалық өсуіне, тұлғалық дамуына, сыни көзқараспен әрбір мәселелені талдай білуіне, нақты нәтижелерге жету жолдарын табуға талпынуға аударылады. Осылайша, біз зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасқан шетел тілі мұғалімі оқыту үдерісін оңтайлы әрі нәтижелі ұйымдастырып, оқыту үдерісін нәтижелі жүргізе алатын нағыз маман деп пайымдаймыз. Болашақ маманның кәсіби іс-әрекеттерін орындауға даярлығы оның педагогикалық шеберлігінің қалыптасуымен анықталады деп санаймыз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР  
ТІЗІМІ**

1. Абдуллина О.А. Общепедagogическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: для спец.вузов.,2-е издание.- М.: Просвещение -1990.- 141 с.
2. Пшонковская И.А. Формирование гностических умений у студентов педагогического вуза в условиях моделирования учебного текста: дис...канд.пед.наук: 13.00.01: Иркутск: Иркутский гос.пед. ун-т, 2006. – 164 с.
3. Байжуманова Н.С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі //Білім әлемінде. - 2008. - № 5. – 33-36 б.
4. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. – Алматы, ИЦ КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2005. – 264 с.
5. Ойзерман Т.И. Практика-познание, познание – практика //Вопрос философии. - 1984-№9. –С.60-73
6. Суворова С.Л. Формирование гностических умений у студентов в процессе профессионально-педагогической подготовки: Дис...канд.пед.наук: 13.00.08 - Челябинск: ЮУрГГПУ .1999.- 163 с.
7. Щербаков А.И. Формирование личности учителя советской школы в системе высшего образования: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01.— Л.:Ленингр. гос. пед. ин-т им. А. И. Герцена, 1968.- 129 с.
8. Щукин А.Н. Обучение иностранному языку:Теория и практика.Учебное пособие для преподавателей и студентов. -М.: Филоматис, 2004.- 147 с.
9. Абдулина О.А. Комплексная педагогическая практика в системе профессионально-педагогической подготовки студентов /

Формирование педагогической направленности студентов пед. ВУЗа., - Владимир, 1972.-262-263с.

10. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі.-Кіру режимі <https://pedcollege.kz/ru/elektronnye-resursy/metodicheskie-doklady/167-kyzyrlylyk.html> Қаралған күн: 21.04.2021

11. Khutorskoy, A. V. Key competences as a component of student-centered education paradigm. Kazan: Education2003. - 58-64p.

12. Саломатов К.И.Методика профессионально-направленного обучения ИЯ как педагогической специальности. Учебное пособие для студентов и преподавателей педагогических факультетов иностранных языков. - Куйбышев,1984.- 279с.

13. Сборник Горьковского Педагогического Института иностранных языков им.Добролюбова. Требования к педагогической направленности владению иностранным языком и последовательность их реализации по годам обучения.- Горкий,;1979.- 466с.

14. Кузьмина Н.В.Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирования его личности. –Л.:изд. Ленинград Ун-та,1967. – 380б.

15. Richards J.C., Rodgers N.S. Approaches and methods in language teaching .-Cambridge: Cambridge University Press,1986.- 201p.

#### REFERENCES

1. Abdullina O.A. Obshchepedagogicheskaya podgotovka uchitelya v sisteme vysshego pedagogicheskogo obrazovaniya: dlya spets.vuzov.,2-e izdanie.-Moskva.: Prosveshchenie,1990.132 – 139s.(in Russian)

2. Pshonkovskaya I.A. Formirovanie gnosticheskikh umenii u studentov pedagogicheskogo vuza v usloviyakh modelirovaniya uchebnogo teksta: dis...kand.ped.nauk: 13.00.01: Irkutsk: Irkutskii gos.ped. un-t, 2006. – 164 s. (in Russian)

3. Baizhumanova N. S. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі //Bilim әлемінде. - 2008. - № 5. – 33-36b. (in Kazakh)

4. Kunanbaeva S.S. Sovremennoe inoyazychnoe obrazovanie: metodologiya i teoriya. □ Almaty,ITS KaZUMOIMYA imeni Abylai khana, 2005. □ 231- 264s. (in Russian)

5. Oizerman T.I.Praktika-poznanie, poznanie – praktika //Vopros filosofii. - 1984- №9. – 60-73s. (in Russian)

6. Suvorova S.L. Formirovanie gnosticheskikh umenii u studentov v protsesse professional'no-pedagogicheskoi podgotovki: Dis...kand.ped.nauk: 13.00.08 - Chelyabinsk: YuUrGGPU .1999.- 163s. (in Russian)

7. Shcherbakov A.I. Formirovanie lichnosti uchitelya sovetskoi shkoly v sisteme vysshego obrazovaniya: dis. ... dok. ped. nauk: 13.00.01.— L.:Leningr. gos. ped. in-t im. A. I. Gertsena, 1968.- 129s. (in Russian)

8. Shchukin A.N. Obuchenie inostrannomu yazyku:Teoriya i praktika.Uchebnoe posobie dlya prepodavatelei i studentov. -M.: Filomatis, 2004.- 147s. (in Russian)

9. Abdullina O.A. Kompleksnaya pedagogicheskaya praktika v sisteme professional'no-pedagogicheskoi podgotovki studentov / Formirovanie pedagogicheskoi napravlenosti studentov ped. VUZa.,- Vladimir, 1972.-262-263s. (in Russian)

10. Kudaibergenova K. Kuzyrlylyk – tulga damuynyn sapalyk kriteriini.-Kiru rezhimi <https://pedcollege.kz/ru/elektronnye-resursy/metodicheskie-doklady/167-kyzyrlylyk.html> Karalghan kyn: 21.04.2021 (in Kazakh)

11. Khutorskoy, A. V. Key competences as a component of student-centered education paradigm. Kazan: Education2003. - 58-64 p.

12. Salomatov K.I.Metodika professio-nal'no-napravlennoogo obucheniya IYA kak pedagogicheskoi spetsial'nosti.Uchebnoe posobie dlya studentov i prepodavatelei pedagogicheskikh fakul'tetov inostrannykh yazykov. -Kuibyshev,1984.- 279s. (in Russian)

13. Sbornik Gor'kovskogo Pedagogicheskogo Instituta inostrannykh yazykov im.Dobrolyubova. Trebovaniya k pedagogicheskii napravlenomu vladeniyu inostrannym yazykom i posledovatel'nost' ikh realizatsii po godam obucheniya. Gorkii.:1979.- 466s. (in Russian)

14. Kuz'mina N.V.Ocherki psikhologii truda uchitelya.Psikhologicheskaya struktura deyatel'nosti uchitelya i formirovaniya ego lichnosti. –L.:izd. Leningrad Univ-a,1967. – 380s. (in Russian)

15. Richards J.C., Rodgers N.S. Approaches and methods in language teaching .-Cambridge: Cambridge University Press,1986.- 201p.